

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі кеден органдарының дербес атағы бар қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы төлеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 28 сәуір 1993 ж., N 329. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі кеден органдарының дербес атағы бар қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы төлеу тәртібі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң*

*бірінші орынбасары*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
М и н и с т р л е р            К а б и н е т і н і ң  
1 9 9 3        ж ы л ғ ы        2 8        с ә у і р д е г і  
N    3 2 9        қ а у л ы с ы м е н  
б е к і т і л г е н

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
кеден органдарының дербес атағы бар қызметкерлерінің  
лауазымдық жалақысына еңбек сіңірген жылдары үшін  
проценттік үстемеақы төлеу тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі кеден органдарының дербес атағы бар қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы төлеу тәртібі осы Ереже бойынша анықталады.

**Лауазымдық жалақыға еңбек сіңірген жылдары үшін  
проценттік үстемеақының мөлшері**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі кеден органдарының дербес атағы бар қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына еңбек сіңірген жылдары үшін үстемеақы кеден органдарындағы

жұмыс стажына байланысты мынадай мөлшерде төленеді:

---

Кеден органдарындағы жұмыс стажы	- Айлық лауазымдық жалақыға
	- проценттік үстемеақының
	- м ө л ш е р і

---

1 жылдан	3 жылға дейін	5
3 жылдан	5 жылға дейін	10
5 жылдан	10 жылға дейін	15
10 жылдан	15 жылға дейін	20
15 жылдан	20 жылға дейін	25
20 жылдан	25 жылға дейін	30
25 жылдан	30 жылға дейін	35
30 жылдан	а с т а м	40

---

----- Аталған үстемеақы айына бір рет төленеді.

### **Проценттік үстемеақы алу құқығын беретін жұмыс стажын есептеу**

2. Еңбек сіңірген жылдары үшін лауазымдық жалақыға проценттік үстемеақы алу құқығын беретін еңбек стажына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кеден органдарындағы дербес атағы бар қызметкерлердің лауазымында істеген үздіксіз еңбек стажы жатады.

3. Еңбек сіңірген жылдары үшін қызмет жалақысына проценттік үстемеақы алу құқығын беретін еңбек стажына, сондай -ақ мыналар қосылады:

Қазақстан Республикасының прокуратура, сот және төрелік органдарында шені мен класы бар лауазымдарда атқарған жұмыс уақыты;

офицер құрамындағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың және мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлері мен әскери құрылымдарында Ұлттық (мемлекет) қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі органдарында міндетті әскери қызметте болған уақыты;

сайланбалы лауазымдарда және мемлекеттік басқару органдарындағы жұмыс у а қ ы т ы ;

егер қызметкер әскери қызметке шақырылғанға дейін жергілікті кеден мекемелерінде жұмыс істеген және запасқа шыққаннан кейін, жолына кеткен уақытын есептемегенде, 3 ай ішінде Қазақстан Республикасының кеден органдарына жұмысқа оралған болса, мерзімді міндетті әскери қызметтегі

у а қ ы т ы ;

егер қызметкер белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті кеден органдары мен мекемелеріне ауыстырылған болса, басқа да министрліктер мен ведомстволардың мекемелерінде, кәсіпорындарында және ұйымдарында үздіксіз жұмыс істегені үшін (еңбек сіңірген жылдары үшін) проценттік үстемеақы (бір жолғы сыйақы) алу құқығын беретін лауазымдар мен жұмыстардағы үздіксіз жұмыс уақыты;

егер қызметкер шет елге жіберілгенге дейін кеден органдарында дербес атағы бар қызметкерлердің лауазымында жұмыс істеген және шет елден келгеннен кейін, жолына кеткен уақытын есептемегенде, екі ай ішінде осы органдарда аталған лауазымдардағы жұмысқа тұрған болса, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жолдамасымен шет елде жұмыс істеген уақыты;

баланы біржарым жасқа дейін бағып-күтуге байланысты ішінара төленетін демалыс уақыты және баланы үш жасқа дейін бағып-күтуге байланысты жалақы төленбейтін қосымша демалыс уақыты;

егер қызметкер курсқа түскенге дейін Қазақстан Республикасының кеден органдарында дербес атағы бар қызметкерлердің лауазымында жұмыс істеген және оны бітіргеннен кейін бұрынғы жұмыс орнына қайта оралған болса, кадрларды жұмыстан қол үзіп даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру курстарында оқыған уақыты.

**Ескерту. 3-тармақтың 3-абзацына өзгеріс енгізілген - ҚРҰ-нің 1996.04.29. N 523 қаулысымен .**

4. Еңбек сіңірген жылдары үшін лауазымдық жалақыға проценттік үстемеақы құқығын беретін еңбек стажы үзілмейді, бірақ үзіліс уақыты бұл стажға мынандай жағдайларда қосылмайды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кеден органдарына дербес атағы бар қызметкерлердің лауазымындағы жұмысқа мүгедектігінен немесе қатарынан төрт айдан астамға созылған және кеден органдарынан кетуге мәжбүр еткен ауруынан сауыққаннан кейін бір айдың ішінде жұмысқа тұрған жағдайда, егер қызметкер кеден органдарына мүгедек кезіндегі жұмыс орнына қарамай осы лауазымдардағы жұмысқа келген болса, сондай-ақ дәрігерлік-еңбек сарапшы комиссиясының немесе дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындылары бойынша кәсіпорынға-ұйымға, мекемеге еңбек сіңірген жылдары үшін лауазымдық жалақыға проценттік үстемеақы алу құқығын бермейтін жұмысқа ауыстырылғаннан кейін кеден органдарына аталған лауазымдардағы жұмысқа қайта оралған жағдайда.

Бір айлық кезең мұндай жағдайда еңбекке жарамдылығын қалпына келтірілген немесе дәрігерлік-еңбек сарапшы комиссиясының мүгедекке

проценттік үстемеақы алу құқығын беретін жұмысқа қабылдауға (ауыстыруға) мүмкіндік бермейтін еңбек ұсынысын өзгерткен күннен бастап есептеледі. Еңбекке жарамдылығы қалпына келтірілген күн ретінде дәрігерлік-консультациялық комиссияның бұл туралы тиісті қорытындысы шығарылған күні немесе мүгедектігі белгіленген күннен кейінгі келесі күн с а н а л а д ы ;

жоғары немесе арнаулы орта оқу орнын бітіргеннен кейін жергілікті кеден мекемелерінде дербес атағы бар лауазымдардағы жұмысқа тұрған кезде, егер қызметкер оқу орнына түсер алдында тікелей жергілікті кеден мекемелерінде жұмыс істеген болса және оқуды бітірген немесе оқу орнынан мерзімінен бұрын шығарылған және жұмысқа тұрған уақыт аралығындағы үзіліс 3 айдан аспаған ж а ғ д а й д а ;

кеден органдарынан дербес атағы бар қызметкерлердің лауазымындағы жұмыстан өз еркімен күйеуінің (әйелінің) басқа жерге жұмысқа ауысуына байланысты босағаннан кейін, жұмыстағы үзілісінің ұзақтығына қарамастан, осы органдарға аталған лауазымдардағы жұмысқа тұрған жағдайда;

күйеуінің (әйелінің) шет елге кетуіне байланысты қызметкер мен немесе әскери қызметшімен шет елде бірге болған отбасының мүшесі, егер шет елден келген күні мен жұмысқа орналасқан күнінің арасындағы үзіліс, тұратын жеріне келуге кеткен уақытын есептемегенде, екі айдан аспай кеден органдарына дербес атағы бар қызметкерлердің лауазымындағы жұмысқа қайта оралған жағдайда;

баласы үш жасқа толғаннан кейін, оны бағып-күтуге байланысты демалыста болған-болмағанына, сол кезеңде басқа жұмыста істеген-істемегеніне немесе осы себептер бойынша жұмыстан шығарылған-шығарылмағанына қарамастан, әйелдер кеден органдарына дербес атағы бар қызметкерлердің лауазымындағы жұмысқа қайта оралған жағдайда;

зейнет демалысына шыққанға дейін кеден органдарында жұмыс істеген, қартаюына байланысты зейнеткерлер қайтадан осы органдарға жұмысқа тұрған жағдайда.

## **Еңбек сіңірген жылдары үшін лауазымдық жалақыға проценттік үстемеақы есептеу мен төлеу тәртібі**

5. Еңбек сіңірген жылдары үшін лауазымдық жалақыға проценттік үстемеақы қызметкерлердің лауазымдық жалақысына қарай, дербес атағына қосымшаақысыз және үстемеақы мен қосымшаақының басқа да түрлерінсіз есептеледі. Уақытша орынбасарлық қызмет атқарған жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін лауазымдық жалақыға проценттік үстемеақы негізгі жұмыс

орнындағы лауазымдық жалақыға есептеледі.

6. Күнтізбелік айдың ішінде еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы мөлшерін өсіру құқысы пайда болған қызметкерлерге үстемеақының айлық жалпы сомасы айдың кезеңдері бойынша тиісті мөлшерде есептелген үстемеақыны қосу арқылы анықталады.

Күнтізбелік айдың ішінде лауазымдық жалақы өзгерген жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін үстемеақы сомасы да осындай тәртіп бойынша анықталады.

7. Еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы қолданылып жүрген заңдарға (демалыста болған уақыты, мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді атқарғаны, уақытша жұмысқа жарамсыз болған кезі үшін, мемлекеттік зейнетақы тағайындаған кезде және т. б.) сәйкес қызметкерлерге сақталатын орташа тапқан табысын есептеген кезде ескеріледі.

8. Қартаюына немесе мүгедектігіне байланысты зейнет демалысына шығуына, дәрігерлік-еңбек сарапшы комиссиясының немесе дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындылары бойынша басқа жұмысқа ауысуына, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне әскери қызметке шақырылуына (түсуіне), сайланбалы лауазымға сайлануына оқуға түсуіне, қатарынан 4 айдан астамға созылған ауруына байланысты жұмыстан шығуына, қызметкерлер санының немесе штаттың қысқартылуына, мекеменің таратылуына байланысты жұмыстан шыққан қызметкерлерге, сондай-ақ бала тууына байланысты жұмыстан шыққан әйелдерге және қайтыс болған қызметкерлердің отбасыларына еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы төлеу сол күнтізбелік айда істеген жұмыс уақытына пропорциялы түрде түпкілікті есеп айырысу кезінде жүргізіледі.

### **Еңбек сіңірген жылдары үшін лауазымдық жалақыға проценттік үстемеақы алу құқығын беретін үздіксіз жұмыс стажын белгілеу тәртібі**

9. Еңбек стажын белгілеу жөніндегі комиссиялар еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы төлеуге арналған үздіксіз еңбек стажын анықтайды.

Кеден органдарының кадр бөлімінің, бухгалтерияның және кәсіподақ комитетінің басшы қызметкерлерінен тұратын комиссия құрамын Қазақстан Республикасы кеден органының басшысы (кәсіподақ комитетінің келісуі бойынша) бекітеді.

10. Еңбек стажын анықтау үшін еңбек кітапшасы негізгі құжат болып табылады. Еңбек кітапшасы болмаған жағдайда, сондай-ақ еңбек кітапшасында қажетті жазулар болмаған немесе жұмыс кезеңдері туралы бұрыс және дәлме-дәл емес жазулар болған ретте еңбек стажын растау ретінде анықтамалар, бұйрықтар,

бұйрықтан үзінділер, жеке есепшоттары және жалақы беруге арналған ведомостар мен жұмыс кезеңдері туралы деректері бар басқа да құжаттар қ а б ы л д а н а д ы .

Еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстемеақы алу құқысын беретін үздіксіз жұмыс стажын растау заңдарда белгіленген тәртіп бойынша куәгерлердің айғақтауымен жүзеге асырылады.

11. Еңбек стажын белгілеу туралы комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Комиссияның шешімінен үзінді екі дана етіп жасалады, оның бір данасы - бухгалтерияға, екіншісі - кадр бөліміне (кадр жөніндегі қызметкерге) б е р і л е д і .

12. Еңбек стажын белгілеу жөніндегі комиссияның шешіміне берілетін шағымдарды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас кеден басқармасының осындай комиссиясы қарайды, оның шешімі түпкілікті болып табылады.